

ЖАҚСЫЛЫҚ
АСАУДАН
АЛЫҚПА



ҮЛКЕНГЕ ІЗЕТ...

26 қыркүйек күні «тәрбиенің негізі - еңбек» деп білетін Жақия ұстаздың ұстанымымен колледжіміздің Шайжүнісов шыңын бағындырушылар мектебінің тыңдаушылары 1 қазан қарттар күніне орай жолға шықты. Бір кездері Жақия ұстаздың алдындағы тұлымдары желкілдеген ұл-қыздар болса, бұл күні көп балалы, немерешөбере баққан үлкен әулетке айналған Көкпекті балалар үйінің тәрбиеленушілеріне барып қайтты.

Өмірдің талай тауқыметін ұстаздарының берген білімі мен баулыған еңбегінің арқасында жеңіп, құлақтарына сіңген өмірлік қағидаларды бұзбай ұстанып келе жатқан ізгі жандардың Халық мұғалімі туралы естеліктерін тыңдай жүріп, қылышын сүйреп келе жатқан қыс алдындағы бақша жинау, отын жару, көмір кіргізу, құрылыс жұмыстары сияқты біршама шаруаларын тындырып берді.



Мәскеуде білім алған апайымыз қаламыздың Шығыс кентінде тұрады. Бұл күні қызы мен немересінің ақылшысы болып отырған апамыздың ұстазы туралы айтар

Нұржанат Оразбекова



естеліктері көп. «Жақия әкеміз бізге тек білім беріп қана қойған жоқ, өмір сүруді, қиындыққа шыдап, жеңіп шығудың жолдарын үйретті» дейді. Өзінің Мәскеу қаласында оқып жүргенде, Жақия ағаның «Социалистік Еңбек Ері» жұлдызын кеудесіне тағуға барған сапарында, өзін қалай тауып алғандығы жайлы айтып, көзіне жас үйірді. «Балалар үйінен шыққандардың ешқайсысының аузынан «мен оны істей алмаймын» деген сөз



шықпайтын. Біз бәрін үйреніп шықтық. Қыздар үй жинау, кір жуу, тамақ пісіру, тіпті ақтау, сырлау жұмыстарының бәрін үйрендік. Мәскеуге барған жатақханадан берілген бөлмені жуып, тазалап, ақтап, өз қолымыздан штор тігіп, тағып қойғанымызда жатақхананың коменданты танымай қалған» деп күліп те алды. Нұржанат апайымыз әлі күнге өзі дастархан жаймаларын, әр түрлі майлықтар, терезелерінде ілініп тұрған штордың бәрін өзі тігеді екен. Көмектесуге барған ұл-қыздарымызға ақыл-кеңестерін айта отырып, қолынан шыққан туындыларын көрсетті.

Ал, 40 жылғы өмірін бастауыш мектеп оқушыларын оқытқан



Гулсара Базыкенова (Шадиева)

апайымыз әлі күнге дейін туған әке орнын басқан Жақия ұстаздарын сағынып, балалары мен немерелеріне еш жалықпай сол кездегі тәлім-тәрбие, өнеге мен өнер, ізеттілік пен қайырымдылық туралы айтып отырамыз дейді.

Ал 1960-1966 жылдары балалар үйінде тәрбиеленуші бола жүріп, аспазшы болуды үйренген Гулсара апай, колледж студенттеріне дәмі ауыздан кетпейтін ыстық бауырсағымен, дәмді қуырдағынан дәм татырды.



Ағаш жару, отын бұтау, картоп қазу, жазғы бақшаның орнын жинау, жүріп жатқан құрылыс жұмысына көмектесу сияқты жұмыстардың бәрін бір мезетте орындап тастаған білім алушыларымыз, өздерінің жақсылық жасап жүргендерін сезініп, шаршағандарын білдірмеуге тырысты. Осы орайда, Гулсара апай өзінің бала кездегі естеліктерімен бөлісе отырып, жазғы бақшаға қалай қарайтындықтарын айтып берді. «Біз ешқашан ештеңе сатып алмайтынбыз. Бәрін өзіміз жасадық, өсірдік, өндірдік. Өз шаруашылығымыз болды. Мал өсіру, бау-бақша салу, құрылыс



жұмыстары бәрін-бәрін өзіміз тындыратынбыз. Бақша суару үшін таңғы төрттен тұрамыз. Бақша үлкен еді. Күн ысығанға дейін суарып, шөптен қоятынбыз. Күз болып, жеміс-жидек піскенде,



қысқа салат, капуста тұздау, қияр тұздау сияқты қыстың қамын жасап аламыз. «еңбектің наны тәтті» деген сөз бар ғой. Бәрін өз еңбегімізбен істегендіктен, бәрінің қадірін біліп өстік» дейді.

Шайжүнісов шыңын бағындырушылар мектебінің осындай істер

атқарып жатқанын естіген, **Ибрагимова**

Дильдаш апайымыз қоңырау соқты. Ұл

балалардың көмегінің керек екендігін

айтқанда, бірден жолға дайындалып,

ұлдарымызды аттандырдық. Қолдарына балта,

араларын ұстай қалып, мектеп тыңдаушылары

апайымыздың ауыр жүгін жеңілдетіп берді.

Үйіліп жатқан ағаштарды жарып, бұтап,

ыңғайлы орынға жинап беріді. Дильдаш апай

да естеліктерімен бөлісе жүріп, өзінің, Жақия ағамыздың сонау



жылдардағы фотоларын тауып берді. Мұрағат ашамыз, Жақия ұстаздың еңбегін дәріптейміз деп жүрген колледж ұжымы үшін, бұл үлкен жаңалық болды.

Телефон мен компьютерге көп уақыттарын қор қылатын жасөспірімдеріміз үлкендерге көрсеткен ізеттіліктеріне өздері де бір марқайып, зор мақтанышпен қайтты.

Өзі жақсы адамның айналысы қашанда жақсылыққа толы болады. Ол өзін осы ортада ерекше бақытты сезінеді. Себебі оны адамдар, айналасы жақсы көреді. Ол осындай жетістіктерге өзінің жақсылықтары арқылы жетті. Сондықтан халық: Жақсының жақсылығын айт нұры тассын,- дейді. Сол себепті: шамамыз жеткенінше, айналаға жақсылық жасап жүрейік. Себебі жасаған жақсылығымыз ешқашан зия кетпейді. Оның шарапаты өзіңе, жақын туыстарыңа, еліңе тиеді. Сондықтан әр уақытта жақсылық жасау арқылы алғысқа бөленіп, ризашылыққа кенеліп жүрейік!

